

Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3.1.8-тармағына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 21 қаңтардағы № 3 өкімі

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің **2021 жылғы 5 сәуірдегі № 4 өкімімен бекітілген** Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3.1.8-тармағына өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан
Федерациясынан
М.Григорян И.Петришенко Б.Сұлтанов А.Кожошев А.Оверчук

Еуразиялық экономикалық комиссия
Кеңесінің
2022 жылғы 21 қаңтардағы № 3 өкіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3.1.8-тармағына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. "Одақ транзитінің бірыңғай жүйесі туралы халықаралық шартты әзірлеу және қабылдау" позициясында:

төртінші графада "2021" деген цифрлар "2022" деген цифрлармен ауыстырылсын;
бесінші графада мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"халықаралық шарттың жобасы";

2. "Одақ транзитінің бірыңғай жүйесінің Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің транзит жүйелерімен өзара іс-қимыл мүмкіндігін іске асыруға бағытталған шаралар кешенін тұжырымдау" позициясында төртінші графада "2021 жылғы 1 шілдеге дейін" деген сөздер "2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын, "2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін" деген сөздер "2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін" сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК